

Аналитикалық жазба

Жоба авторы: Муратов С.К.
Ғылыми жетекшісі: Дүсіпов Е.Ш

Жоба идеясы	МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БАРЫСЫНДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ШАРАЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ
Проблемалық жағдай (кейс)	<p>-Мемлекеттік мекемелердегі сыбайлас жемқорлықтың жоғары деңгейі: іс жүзінде сыбайлас жемқорлық көбінесе мемлекеттік құрылымдарда, әсіресе жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тірекеу, рұқсаттар, лицензиялар, мемлекеттік келісімшарттар және басқа да қызметтерді беру талап етілетін салаларда өркендейді. Бұл халықтың билікке деген сеніміне нұқсан келтіреді және басқарудың тиімділігіне әсер етеді.</p> <p>-Ашықтықтың жеткіліксіздігі және тиімді бақылаудың болмауы: мемлекеттік қызметшілердің іс-әрекеттерінде ашықтықтың болмауы және бақылаудың тиімсіз тетіктері сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін күшейтеді. Бұл сонымен қатар мемлекеттік процедуралар мен шешімдер туралы ақпараттың жеткіліксіз ашықтығын қамтиды.</p> <p>-Қызмет көрсетудегі күрделілік пен бюрократия: шамадан тыс бюрократия және күрделі процедуралар көбінесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің артуына әкеледі, өйткені азаматтар мен кәсіпорындар процестерді жеделдетудің "стандартты емес" жолдарын іздеуі мүмкін.</p> <p>- Заңнамалық базаның жеткіліксіздігі және тиімсіз жаза: Сыбайлас жемқорлыққа қатысты заңнамадағы кемшіліктер және сыбайлас жемқорлыққа қарсы жазаның әлсіз шаралары да сыбайлас жемқорлық тәжірибелерін нығайтуға ықпал етеді.</p>

	<p>- Қоғамдық бақылаудың болмауы және азаматтардың қатысуы: қоғамдық бақылаудың шектеулі мүмкіндіктері және азаматтардың шешім қабылдау процестеріне қатысуы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін күшейтеді және биліктің ашықтығын төмендетеді</p>
<p>Бұл мәселенің қолда бар шешімдері</p>	<p>-Мемлекеттік қызметтерді цифрландыру: Қазақстан "Электрондық үкімет"порталы арқылы электрондық мемлекеттік қызметтерді енгізу бойынша белсенді жұмыс істеуде. Бұл азаматтар мен мемлекеттік қызметшілер арасындағы тікелей байланысты азайтуға, осылайша сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің мүмкіндіктерін азайтуға мүмкіндік береді.</p> <p>-Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия: Қазақстан заңнаманы күшейтуге, мемлекеттік қызметшілердің ашықтығы мен жауапкершілігін арттыруға, сондай-ақ қоғамдық бақылауды нығайтуға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық стратегияны қабылдады.</p> <p>-Заңнаманы күшейту: сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін жазаларды қатаңдату және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тетіктерін жақсарту үшін заңнамаға түзетулер енгізілді.</p> <p>-Тәуелсіз қадағалау органдары: Қазақстанда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, анықтау және оған қарсы күрес мәселелерімен айналысатын Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі жұмыс істейді.</p>
<p>Бұл мәселенің ұсынылған шешімі</p>	<p>Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процесін біркелкі ету, жылжымайтын мүлікті тіркеу желісі бойынша Мемлекеттік корпорацияның қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында КТҮ пайдалануға беру актілерін заңсыз тіркеу бөлігінде ҚР-ң Әділет министрлігіне мынадай редакцияда тіркеу қағидаларының 4.1-тармағына өзгерістер</p>

енгізу туралы ұсыныстар бойынша өзгерістер қажет деп санайын:

1. Қызмет көрсетуші қызмет алушыдан мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне енгізілген және объектінің техникалық сипаттамаларын, сәйкестік туралы декларацияны, құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы мен орындалған жұмыстардың бекітілген жобаға сәйкестігі туралы қорытындылармен қоса берілген объектіні пайдалануға қабылдаудың бекітілген актісін алған кезден бастап бір күн ішінде бір мезгілде:

объектінің орналасқан жері бойынша тиісті жергілікті атқарушы органның сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесіне – объектінің техникалық сипаттамалары қоса берілген объектіні пайдалануға қабылдаудың бекітілген актісін;

объектінің орналасқан жері бойынша мемлекеттік сәулет-құрылыстық бақылау органдарына объектінің техникалық сипаттамалары, сәйкестік туралы декларация және құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы мен орындалған жұмыстардың бекітілген жобаға сәйкестігі туралы қорытындылар қоса берілген объектіні пайдалануға қабылдаудың бекітілген актісін жібереді.

2. Сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдар қызмет көрсетушіден құжаттарды алған кезден бастап бір жұмыс күні өткенге дейін тапсырыс берушінің құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларында айқындалған рәсімдерді сақтауын салыстырып тексереді және пайдалануға қабылдау актісін есепке алуды жүргізеді. Салыстырып тексеру қорытындылары бойынша құрылыс объектісінің құрылыс

салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларының талаптарына сәйкес еместігі анықталған жағдайда қызмет көрсетушіден құжаттарды алған кезден бастап бір жұмыс күні ішінде бұл туралы мемлекеттік сәулет-құрылыстық бақылау органдарына және тіркеуші органға жазбаша хабарлайды.

Сәйкессіздік болмаған жағдайда қызмет көрсетушіден құжаттарды алған кезден бастап бір жұмыс күні ішінде тіркеуші органға жазбаша хабарлайды.

3. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдары қызмет көрсетушіден құжаттарды алған кезден бастап бір жұмыс күні өткенге дейін тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген нормалар мен талаптарды сақтауы тұрғысынан салыстырып тексереді.

Бұзушылықтар анықталған кезде қызмет көрсетушіден құжаттарды алған кезден бастап бір жұмыс күні ішінде бұл жөнінде тіркеуші органға жазбаша хабарлайды және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылық шараларын қолданады.

Бұзушылықтар болмаған жағдайда, қызмет көрсетушіден құжаттарды алған кезден бастап бір жұмыс күні ішінде бұл жөнінде тіркеуші органға жазбаша хабарлайды.

Келешекте НҚА-дегі өзгерістер қағаз жүзіндегі құқық белгілеуші құжатты - ауыстырылуы заңсыз тіркеудің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жасау факторы болып табылатын объектіні пайдалануға қабылдау актісін пайдалануды болдырмай, жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу процесін автоматтандыруға мүмкіндік береді.

Құқық белгілеуші құжат ретінде жаңадан

	<p>құрылған жылжымайтын мүлік объектілеріне құқықты тіркеу негізіне құқықтарды мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне құқықтарды тіркеуге дейін енгізуді көздейтін құқық нормасын тіркеу қағидаларында объектіні пайдалануға қабылдау актісінің болмауы қағаз жүзіндегі құқық белгілеуші құжатты пайдалану кезінде КТҮ пайдалануға беру актілерін заңсыз тіркеу бөлігінде сыбайлас жемқорлық тәуекелін тудырады.</p> <p>Тіркеуші орган - ҚР Заңына сәйкес Мемлекеттік корпорация екенін атап өту қажет. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" және "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқық ауыртпалықтарын) мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 27 бұйрығымен құжаттардың толық топтамасын ұсыну және оларды тексеру кезінде (бас тарту үшін негіз болмаған жағдайда) жылжымайтын мүлік объектісін тіркеуге міндетті.</p> <p>Бұл ретте техникалық қадағалау және авторлық қадағалау лицензиаттары КТҮ бойынша бұрмаланған мәліметтерді жиі беретінін, ал филиалдардың қызметкерлері тиісті тексерусіз жылжымайтын мүлік объектісін тіркейтінін атап өткен жөн.</p> <p>Жүргізілген талдау көрсеткендей, бұл фактілер жеке жағдаят емес және жүйелі сипатта жүреді, заңсыз сыйақы алу мақсатында сөз байласу орын алуы мүмкін.</p>
<p>Күтілетін нәтижелер</p>	<p>Негізгі күтілетін нәтиже-мемлекеттік мекемелердегі сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің айтарлықтай азаюы, бұл басқарудың неғұрлым адал және әділ жүйесіне алып келеді.</p>
<p>Әдебиеттер</p>	<p>1. Bryce J. Modern Democracies. – New</p>

York: The Macmillan Company, 1921. 149-150-бет.

2. Friedrich Carl J. Corruption Concepts in Historical Perspective / Edited by A. J. Heidenheimer, M. Johnston // Political Corruption: Concepts and Contexts. – Third Edition. – New Jersey: New Brunswick, 2007. P. 15.

3. Nye J. Corruption and Political Development: A Cost-benefit Analysis / J. Nye // American Political Science. 1967. №2 (61). 417-бет

4. Богуш Г. Б. Коррупция и международное сотрудничество по борьбе с ней: дис. канд. юрид. наук; МГУ. – М., 2004. С. 16.

5.

<https://elibrary.ru/item.asp?id=2829649>

8